

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ КЕЛЕС АУДАНЫ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ
ДАМУ БАСҚАРМАСЫНА ҚАРАСТЫ
«№ 39 Л.ЖОЛДАСОВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

“Оқуға құштар мектеп” жобасы

«Кел, балалар, оқылық!»

кітапханашылар клубы



Кітапханашылар : Г.Сейдуалиева
Ж.Асанова

Клубының мақсаты:

Қазақстан Республикасы азаматының белсенді өмірлік ұстанымын жаңаша қалыптастыру. Жалпы оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру. Білімге деген құштарлығын қалыптастыру мен ой-өрісін жан-жақты кеңейту. Мектеп кітапханасының оқырмандарын көбейту.

Клуб кітапханалық бағытта жұмыс істейді.

Клубтың міндеттері:

- Балалар мен жасөспірімдерді кітап оқуға баулу;
- балалар мен жасөспірімдердің бос уақытында кітап оқуға бөлінетін үлесін ұлғайту;
- Отандық және шетелдік әдеби шығармалармен, таныстыру;
- дарынды адамдармен кездесу;
- білім бағдарламаларын жүзеге асыру арқылы жас буынға рухани тұрғыда ақыл-кеңес беру;
- әртүрлі ақпараттық-ағарту жұмыстары, кештер;
- іскерлік ойындар, тренингтер және т.б ұйымдастыру;
- кітап құмарлардың бос уақытын ұйымдастыру;
- клубқа жаңа оқырмандарды тарту;
- кітапхана жүргізетін іс-шараларға белсене қатысу.

Клубтың ұраны:

*«Кітапты сүйіп оқы,
Көңілге түйіп оқы.»*

Клубтың эмблемасы:



Клубтың ресми құжаттары

-Жұмыс жоспары

-Клуб жұмысының күнделігі (мұнда әрбір отырыс жайында мағлұмат, оқу сауаттылығын арттыру барысында клубтың өткізілуімен болатын өзге де іс-шаралар хроникалық түрде қадағаланады.)

Жалпы ережелері :

«Кел, балалар, оқылық!» клубы облыстық әдістемелік орталығында құрылды, отырыстары да осы мекемеде өткізіледі.

«Кел, балалар, оқылық!» клубы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында құрылған білім беру ұйымдарының кітапхана мамандарының клубы болып табылады.

Клуб кітапқұмар, ғылымға қызығып, жаңашылдықпен, шығармашылықпен айналысатын жастарды біріктіреді.

Клуб жалпы оқушыларға, мұғалімдерге бағытталған.

Клуб жұмысын ұйымдастыру

Клуб жұмысы «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында құрылып, бекітілген.

Клубтың жалпы жұмысы 4-5 отырысқа негізделіп жасалады, көлемді іс-шаралар бір жылға құрылады.

Клуб отырыстары қыркүйектен-мамырға дейінгі аралықта өтеді.

Клуб жұмысының ұстанымы

1. Өзара сыйластық.
2. Пікірлердің алуан түрлілігі.
3. Белсенділік.
4. Ашық мінез.
5. Өзін-өзі жетілдіру.

Клуб жұмысының түрлері

Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру мақсатындағы әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыру.

Клуб мүшелерінің шығармашылық жетілуі (әдеби оқулар және т.б.)

Клуб мүшелігіне қабылдау тәртібі

Жаңашыл көзқарастағы талантты, зияткерлік қабілеті жоғары, талғамы биік оқырмандарды (оқушы, мектеп басшылары, мұғалім, ата-аналар) мүшелікке қабылдау.

Клуб мүшелері :

1. М.д.т.і.ж.о. Е.Бөрібеков
2. М.д.т.і.ж.о. С.Туреханов
3. Педагог ұйымдастырушы Д. Майлашева
4. Мек.тәлімгері Р.Айткулова
5. Баст.сын.мұғ. Ұ.Скендерова
6. Қаз.т.пән.мұғ. З.Моминова
7. Үздік оқырман Қ.Өміртай
8. Кітапханашылар Г.Сейдуалиева Ж.Асанова

BOOKCROSSING



